

3 Дәріс

ЖЕР РЕСУРСТАРЫН БАСҚАРУДА ЖЕРГІЛІКТІ АТҚАРУШЫ ОРГАНЫНЫҢ РӨЛІ

География ғылымдарының кандидаты, профессор
А.А. Токбергенова

ДӘРІС МАҚСАТЫ



Жер ресурстарын басқаруда жергілікті атқарушы органдардың қызметін мемлекеттік басқарудың заманауи принциптері мен цифрлық технологиялар негізінде талдау арқылы жер кадастрлық жүйесінің ашықтығын, тиімділігін және қоғаммен өзара іс-қимылын арттырудың теориялық-тәжірибелік негіздерін қалыптастыру.




Дәрісте қарастырылатын сұрақтар

1.Қазақстан Республикасында жер ресурстарын басқару жүйесі қандай басқару деңгейлері

2. Жер ресурстарын басқаруда жергілікті атқарушы органдардың жер қатынастары саласындағы негізгі құзыреттері


3. Қазақстан Республикасында жер ресурстарын басқару мен мемлекеттік жер саясатының өзара байланысы



ЖЕР РЕСУРСТАРЫН БАСҚАРУ

жүйелі, саналы, мақсатты мемлекет пен қоғамның жер ресурстарына

олардың тиімді жұмыс істеуін қамтамасыз ету үшін жер ресурстарын пайдаланудағы объективті заңдылықтар мен үрдістерді пайдалану



ӘКІМШІЛІК-АУМАҚТЫҚ БІРЛІКТЕР

ЖЕР УЧАСКЕЛЕРІ

БАРЛЫҚ ЖЕР ҚОРЫ

Жер ресурстарын басқару субъектілері

МЕМЛЕКЕТТІК, ВЕДОМСТВОЛЫҚ, ЖЕРГІЛІКТІ ЖӘНЕ ШАРУАШЫЛЫҚІШІЛІК БАСҚАРУДЫ ЖҮЗЕГЕ АСЫРАТЫН ТҰЛҒАЛАР



Жер ресурстарын мемлекеттік басқарудың негізгі міндеттері

- Қоғамның тиімді дамуын қамтамасыз ететін саяси және ұйымдастырушылық–регламенттеуші функцияларды басқару органдарына беру
- Жер қатынастары субъектілерінің қаржы және табиғат қорғау қызметін мемлекеттік актілермен реттеу
- Жер қатынастары субъектілерін әлеуметтік-құқықтық қорғауды қамтамасыз ету
- Барлық әкімшілік - аумақтық деңгейлерде мемлекеттік басқару органдары шешімдерінің өзара келісілуін қамтамасыз ету
- Кәсіпкерлік және қоғамның прогрессивті дамуы үшін қолайлы жағдайлар қалыптастыру
- Жер ресурстарын пайдалану мен қорғауды жақсарту



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНДА

жер ресурстарын басқару және реттеу жөніндегі іс-шаралар негізгі үш деңгейде ұйымдастырылады

Әр деңгейде тиісті мемлекеттік органдар белгіленген және олардың құзіреті заңдар мен үкімет қаулыларымен бекітілген

1 **РЕСПУБЛИКАЛЫҚ**

2 **ӨҢІРЛІК** (ОБЛЫСТЫҚ/ҚАЛАЛЫҚ)

3 **АУДАНДЫҚ/ҚАЛАЛЫҚ** ЖӘНЕ **АУЫЛДЫҚ/ЕЛДІ МЕКЕН**

Жер қатынастары саласындағы басқару жүйесінің схемасы (2023–2025)

01 ҚР Үкімет

02 ҚР Ауыл шаруашылығы министрлігі

03 Жер ресурстарын басқару комитеті

2024 жылғы 1 қарашадағы жер қорын меншік нысандары бойынша жер санаттарына қатысты бөлу

Жер санаттары	Көлемі, барлығы	оның ішінде	
		жеке меншіктегі	мемлекеттік меншіктегі
1. Ауыл шаруашылығы мақсатындағы жер	1,171,241	1 523,1	1,156,010
2. Елді мекендер жері	253,256	13,140	240,116
3. Өнеркәсіп, көлік, байланыс жері, ғарыш қызметі, қорғаныс, ұлттық қауіпсіздік, ядролық қауіпсіздік аймағы мұқтажына арналған жер және ауыл шаруаш. арналмаған өзге де жер	24,809	1,008	23,801
4. Ерекше қорғалатын табиғи аумақтардың жері, сауықтыру мақсатындағы, рекреациялық және тарихи-мәдени мақсаттағы	81,514	5	81,509
5. Орман қорының жері	230,252	1	230,251
6. Су қорының жері	39,088	-	39,088
7. Босалқы жер	829,148	-	829,148
Барлық жер	262 930,8	2 938,5	2,599,923

Облыстық/қалалық әкімдікте

Ауылдық (селолық) округ әкімдігі

Аудандық әкімдіктер



Жер қатынастары басқармасы

Жер қатынастары бөлімі

Жер қатынастары бойынша жергілікті қызметтер

Жер ресурстарын басқару комитетінің қызметін қаржыландыру республикалық бюджет есебінен жүзеге асырылады.

Жер ресурстарын басқару комитетінің міндеттері:

- жер ресурстарын ұтымды және тиімді басқаруды қамтамасыз ету.
- геодезия мен картография саласын дамыту жөніндегі шараларды іске асыру.
- жер қатынастары саласында, сондай-ақ геодезия және картография саласында мемлекеттік бақылауды жүзеге асыру.



Жерді пайдалану


мен қорғау саласындағы мемлекеттік басқаруды өкілді және атқарушы билік органдары жүзеге асырады

Олардың арасында қатынастардың екі түрі болуы мүмкін: **комитеттер** мен **инпекцияларға** тән қатаң бағыну

Қатаң бағыну кезінде төмен тұрған орган жоғары тұрған органға бағынады

функционалдық сәйкестік, басқару органдары ұқсас функцияларды орындаған кезде

Жоғары тұрған орган төмен тұрған басқару органдары үшін жалпы ережелер мен шектеулерді әзірлейді.



ЖЕР РЕСУРСТАРЫН МЕМЛЕКЕТТІК БАСҚАРУ

ОРГАНДАРЫНЫҢ ЖҮЙЕСІ БІРЫҢҒАЙ БАСҚАРУ ТІГІНЕН (ВЕРТИКАЛЬЫНАН) ҚҰРАЛАДЫ

және атқарушы биліктің мемлекеттік органдарымен өзара іс-қимылда болады

- республикалық деңгейде
- өңірлік деңгейде
- жергілікті құрылымдар деңгейінде (әкімшілік аудан, қоныстар)

Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің Жер ресурстарын басқару комитеті мемлекеттік орган және Қазақстан 80 Республикасының Конституциясымен, заңдарымен, өзге де нормативтік құқықтық актілерімен,

Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2016 жылғы 26 мамырдағы № 236 бұйрығымен бекітілген
Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің Жер ресурстарын басқару комитеті туралы ережемен және оған жүктелген

Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің құзыреті шегіндегі жер ресурстарын басқару, геодезиялық және картографиялық қызмет саласында стратегиялық, реттеушілік, іске асыру және бақылау қадағалау функцияларын жүзеге асыратын ведомстволық орган болып табылады

Қорытынды

Жергілікті атқарушы органдар жер қатынастары саясатында стратегиялық маңызға ие. Олар жерді мақсатты пайдалану мен қорғау шараларын жергілікті деңгейде іске асырып, жер қатынастарының заңнамалық талаптарына сәйкестігін бақылайды. Мұндай бақылау жерді пайдаланудың әділеттілігін қамтамасыз етіп, жерді орналастыру ісін жергілікті қажеттілік пен мемлекеттік саясатпен үйлестіреді. Нәтижесінде жер қатынастары жүйесіндегі әрбір деңгейдің міндеті айқындалып, жер қатынастарын реттеу және мониторинг жүргізу арқылы мемлекеттік саясат пен жер ресурстарын басқару арасында байланыстың тиімді тетіктері қалыптасады.

Бақылау сұрақтары:

1. Жер ресурстарын басқару жүйесі қандай деңгейлерден тұрады?
2. Жергілікті атқарушы органдардың жер қатынастары саласындағы негізгі өкілеттіктерін атаңыз.
3. Жер ресурстарын есепке алу және кадастр жүргізу жұмыстары қалай ұйымдастырылады?
4. Жер пайдалану тиімділігін арттыруда әкімдіктер қандай рөл атқарады?

Ұсынылатын әдебиеттер тізімі

1. Қазақстан Республикасының Жер кодексі. – Астана: Әділет министрлігі, 2003. – (2024 жылға дейінгі өзгерістер мен толықтыруларымен).
2. Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2023 жылғы 20 маусымдағы № 237 Бұйрығы «Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің Жер ресурстарын басқару комитетінің ережесін бекіту туралы». – Астана, 2023.
3. Тасанова Ж.Б. Жер ресурстарын басқару: оқу құралы. – Алматы: «Альма-Матн», 2019.
4. Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі, Жер ресурстарын басқару комитеті. 2023 жылғы жер жағдайы және оны пайдалану туралы жиынтық талдамалы есеп. – Астана, 2024.